

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ	КҚ	Комплаенс
Саясат	К 07-23	17 парақтың 1-парағы

**«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ
сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты**

1. Мақсаты

Осы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты (бұдан әрі - Саясат) «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ (бұдан әрі- Қоғам) қызметінің негізгі бағыттарын және Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қатынасының жалпы қағидаларын айқындайды.

2. Қолданылу аясы

Осы Саясаттың қағидаттары мен талаптары Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелеріне қолданылады.

3. Терминдер мен анықтамалар

3.1 Осы Саясатта мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

3.1.1 **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт** - Қоғамның қызметі үшін белгіленген, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі. Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты осы Саясатқа 1-қосымшада ұсынылған.

3.1.2 **Лауазымды тұлға** - тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша билік өкілінің функцияларын жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы күштерінде,

Әзірлеген	Бекітілді
Комплаенс қызметінің басшысы С.М. Сарбасов	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 24 тамыздағы № 9/23 шешімі

басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адам;

3.1.3 Коммерциялық параға сатып алу - коммерциялық немесе өзге де ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамға ақшаны, бағалы қағаздарды немесе өзге де мүлікті заңсыз беру, сол сияқты өзінің қызмет бабын пайдаланғаны үшін, сондай-ақ параға сатып алуды жүзеге асыратын адамның мүддесі үшін қызметі бойынша жалпы қамқорлығы немесе салғырттығы үшін оған мүліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз көрсету.

3.1.4 Бақылау ортасы – тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелері шеңберінде жұмыс істейтін ішкі бақылау рәсімдерінің кешені. Бақылау ортасы тиімді ішкі бақылау жүйесінің негізі болып табылады және оның басқа компоненттеріне әсер етеді.

3.1.5 Мүдделер қақтығысы – бұл Қоғам қызметкері өзінің қызметтік міндеттерін атқару кезінде шешім қабылдайтын, шешім қабылдауға қатысатын немесе қызметкердің өзінің, оның жақын туысының, жұбайының (зайыбының), жекжатының жеке немесе материалдық мүдделеріне әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін оның лауазымына байланысты басқа да әрекеттерді жүзеге асыратын және Қоғамның мүдделеріне әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдай.

3.1.6 Корпоративтік алаяқтық – жеке және/немесе заңды тұлғалардың (қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда) өзге тұлғаның жеке пайдасын және/немесе пайдасын Қоғам мүддесіне нұқсан келтіріп және/немесе Қоғамға алдау, сенімді теріс пайдалану, жаңылыстыру жолымен немесе өзге де жолмен материалдық және/немесе материалдық емес залал келтіру мақсатындағы әрекеттері немесе әрекетсіздігі. Корпоративтік алаяқтық қаржылық есептілікті бұрмалау, сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттер, сондай-ақ ұрлау және өзге де теріс пайдаланушылық, оның ішінде Қоғам активтеріне қатысты қасақана бұлдіру және басқа да бұзушылықтар түрінде көрінеді. Корпоративтік алаяқтықтың мысалдары осы Саясатқа 2-қосымшада келтірілген.

3.1.7 Коррупциялық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік). Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың мысалдары осы Саясатқа 2-қосымшада келтірілген.

3.1.8 Сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу;

3.1.9 Материалдық залал – Қоғам қызметкерінің кінәлі әрекеттері (әрекетсіздігі) нәтижесінде болған Қоғам мүлкінің нақты азаюы немесе осындай мүліктің жай-күйінің нашарлауы, сондай-ақ мүлікті сатып алуға, қалпына келтіруге не қызметкер үшінші тұлғаларға келтірген залалды өтеуге арналған қосымша шығындар не өзге де төлемдер.

3.1.10 Омбудсмен – Қоғамның Директорлар кеңесі тағайындайтын, оның рөлі Қоғамның және Қоғамның еншілес және тәуелді ұйымдарының өзіне жүгінген қызметкерлеріне консультация беру, еңбек дауларын, жанжалдарды, әлеуметтік-еңбек сипатындағы проблемалық мәселелерді шешуге, сондай-ақ Қоғам және оның еншілес және тәуелді ұйымдары қызметкерлерінің іскерлік этика қағидаттарын сақтауына жәрдем көрсету болып табылады.

3.1.11 Қолданылатын заңнама – ҚР заңнамасы, сондай-ақ аумағында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасалған, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың меншікті ережелері қолданылатын басқа да юрисдикциялар, оның ішінде Қоғамның бағалы қағаздары ұйымдастырылған нарықтағы сауда-саттыққа жіберілген юрисдикциялар.

3.1.12 **Қызметкер** – жұмыс берушімен (Қоғаммен) еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға.

3.1.13 **Залалдар** – Қоғам өз құқықтары бұзылған, мүлкі жоғалған немесе бүлінген (нақты нұқсан) жағдайда жасаған немесе жасауға тиіс шығыстар, сондай-ақ, егер оның құқығы бұзылмаған болса, Қоғам дағдылы айналым жағдайында алатын, алынбаған кірістер (айрылып қалған пайда).

3.2 Осы Саясатта пайдаланылатын өзге де терминдер мен анықтамалар ҚР заңнамасында, өзге де қолданыстағы заңнамада және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген мағынаға ие.

4. Жалпы ережелер

4.1 Осы Саясат ҚР қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы, әкімшілік және қылмыстық заңнамасына, қолданылатын халықаралық заңнамаға, атап айтқанда Ұлыбританияның «Парақорлықпен күрес туралы» Заңына, Қоғамның этика және Комплаенс кодексіне, корпоративтік басқару кодексіне және Қоғамның басқа да ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

4.2 Осы саясат мынадай мақсаттарда әзірленген:

1) Қоғамда сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықтың алдын алу жөніндегі тиімді шараларды іске асыру;

2) Қоғамның лауазымды адамдары мен жұмыскерлерінің, оның контрагенттерінің, инвестициялық Қоғамдастығының сыбайлас жемқорлық және алаяқтық құқық бұзушылықтар мен олардың кез келген нысандары мен көріністеріндегі іс-әрекеттерді қабылдамау туралы Қоғамның ұстаным туралы біркелкі түсінік қалыптастыру;

3) Қоғамдағы сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықтың пайда болу тәуекелдерін азайту.

4.3 Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттарға қол жеткізу:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың қағидаттары мен талаптары туралы Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлерін жинақтау, түсіндіру және ақпараттандыру;

2) Қоғамның сыбайлас жемқорлық және алаяқтық қызметке тартылу тәуекелін барынша азайту бойынша шаралар қабылдау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықтың алдын алу бойынша алдын алу шараларын қолдану;

3) сыбайлас жемқорлық және алаяқтық жағдайлары туралы хабарлау үшін ақпараттық арналарды қамтамасыз ету;

4) Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің осы Саясаттың ережелерін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын білу және сақтау міндетін белгілеу.

4.4 Осы Саясатпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының, Ұлыбританияның заңнамасына (Ұлыбританияның «Парақорлыққа қарсы күрес туралы» заңын бұзуға қатысты болған жағдайда) және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес реттеледі.

5. Коррупциялық құқық бұзушылықтардың субъектілері мен түрлері

5.1 Қоғамның қызметіне байланысты коррупциялық құқық бұзушылықтардың әлеуетті субъектілеріне мыналар жатады:

1) тұрақты, уақытша не арнайы өкілеттік бойынша Қоғамда ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адамдар;

2) Қоғам атынан әрекет ететін, өзінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші

тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдаланатын жеке және заңды тұлғалар, сол сияқты жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдарды, орындауға уәкілеттік берілген адамдарды параға сатып алу мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың мемлекеттік функцияларды орындауына жеңілдіктер беру;

3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жауапкершілік ҚР Қылмыстық кодексінде, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінде, ҚР өзге де заңдарында және қолданыстағы өзге де заңнамада көзделген өзге де тұлғалар.

5.2 Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінде көзделген әкімшілік коррупциялық құқық бұзушылықтар:

1) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға немесе оларға теңестірілген адамдарға жеке тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер беруі не қызметтер көрсетуі, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса;

2) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның жеке өзі немесе делдал арқылы заңсыз материалдық сыйақыны, сыйлықтарды, жеңілдіктерді не көрсетілетін қызметтерді ұсынған адамдардың пайдасына әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін оларды алуы, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса;

3) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға немесе оларға теңестірілген адамдарға заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер беруі не қызметтер көрсетуі, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса;

4) мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өздеріне заңнамада жүктелген функциялардан тыс кәсіпкерлік қызметпен айналысуы не белгіленген қаржыландыру көздерінен басқа материалдық игіліктер мен артықшылықтар алуы;

5) ҚР Мемлекеттік органдары, ҚР Қарулы Күштері, ҚР басқа да әскерлері мен әскери құралымдары басшыларының не жауапты хатшыларының немесе Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын өзге де лауазымды адамдарының өз өкілеттіктері шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР заңнамасын бұзушылықтарды не сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға кінәлі, өздеріне бағынысты адамдарға қатысты жою жөнінде шаралар қолданбау не көрсетілген шараларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР заңнамасын бұза отырып қабылдауы, не кінәлі адамдардың тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына тиісті ақпарат бермеуі;

б) мемлекеттік органдар, мекемелер мен кәсіпорындар басшысының не ұлттық компаниялар, ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық даму институттары, сондай-ақ олардың еншілес ұйымдары басшысының бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдауы.

5.3 ҚР Қылмыстық кодексінде көзделген сыбайлас жемқорлық қылмыстар:

1) адамның өзінің қызмет бабын пайдалана отырып, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленуі немесе ысырап етуі;

2) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам не лауазымды адам не жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаған алаяқтық, егер ол өзінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса;

3) адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып, қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті заңдастыру (жылыстату) ;

4) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам не лауазымды адам не жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам

жасаған экономикалық контрабанда, егер олар өздерінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса;

5) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам не лауазымды адам не жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаған рейдерлік, егер олар өздерінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса;

6) лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдалану;

7) билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану;

8) лауазымды адамның өкілеттігін өзіне таңу;

9) кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу;

10) заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау;

11) пара алу;

12) пара беру;

13) паракорлыққа делдал болу;

14) қызметтік жалғандық;

15) қызмет бойынша әрекетсіздік;

16) немқұрайлылық;

17) өзіне немесе басқа адамдарға немесе ұйымдарға пайда мен артықшылық алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында билікті асыра пайдалану;

18) биліктің әрекетсіздігі.

5.4 Қоғам мынадай іс-әрекеттерді жол берілмейтін және Қоғам қызметімен үйлеспейтін нәрселер деп қарастырады:

1) Қоғам мүдделеріне қайшы келетін қандай да бір құндылықты, лауазымды алуда сатып алуға, тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді, өзге де материалдық/материалдық емес игіліктерді немесе артықшылықтарды сатып алуға тікелей немесе жанама уәде, ұсыныс немесе рұқсат беру;

2) Саясаттың 5.1-тармағында көрсетілген кез келген жеке және заңды тұлғалардың Заңда және/немесе Қоғамның ішкі құжаттарында көзделмеген кез келген мүліктік игіліктерді ұсынуы немесе қабылдауы (оның ішінде «кері қайтару» деп аталатын, қарыз, қаламақы, сыйақы, жеңілдіктер немесе басқа да пайда);

3) жалған ұйымдарға немесе меншік құрылымы ашық болып табылмайтын ұйымдарға төлемдер;

4) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар және оларға теңестірілген адамдар, олардың жақын туыстары, жұбайлары мен жекжаттары тиесілі немесе бақыланатын заңды тұлғаларға заңсыз төлемдер;

5) қолма-қол, облигациялар және өзге де бағалы қағаздар түрінде заңсыз сыйақы беру және/немесе алу;

6) негізсіз жеңілдіктер алу;

7) сыйлықтар беру және / немесе алу, оның ішінде қолма-қол ақша түрінде;

8) бұрын коррупциялық құқық бұзушылық жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау;

9) алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен материалдық және материалдық емес активтерді заңсыз иемдену;

10) рұқсат етілмеген чектерді, борыштық міндеттемелерді, вексельдерді немесе жалған айырбастау мәмілелерін пайдалана отырып жасалатын заңсыз әрекеттер;

11) ақпараттық технологияларды пайдалана отырып жасалған алаяқтық әрекеттер.

6. Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары

6.1 **Корпоративтік алаяқтықты қабылдамау:** Қоғам Корпоративтік алаяқтықтың кез-келген көріністерін қабылдамайды және корпоративтік алаяқтыққа қарсы тұруға бағытталған іс-шаралар мен алдын-алу шараларын жүзеге асырады.

6.2 **Жоғары басшылықтың мысалы (Top tone at the Top):** Қоғамның және Қоғамның жетекші қызметкерлері барлық деңгейдегі алаяқтық пен сыбайлас

жемқорлықтың кез-келген нысандары мен көріністеріне ымырасыз көзқарасты көрсетуі керек.

6.3 Жазаның бұлтартпастығы: Қоғам Корпоративтік алаяқтықтың кез келген түріне ымырасыз қатынасты көрсетуі, корпоративтік алаяқтық туралы келіп түскен хабарламаларға уақтылы ден қоюы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа немесе бақылау рәсімдерін бұзуға кінәлі адамдарды жауапкершілікке тартуы тиіс.

6.4 Үйлеспейтін міндеттерді бөлу: Қоғам Корпоративтік алаяқтықтың туындау және/немесе жасыру тәуекелдерін барынша азайту мақсатында лауазымдық міндеттерді тиісінше бөлуді қамтамасыз етеді (яғни, бір қызметкерге әзірлеу, бекіту, қолдану, мониторинг және бағалау функцияларын бір мезгілде бекітуге жол берілмейді).

6.5 Мүдделер қақтығысына жол бермеу: Қоғам мүдделер қақтығысы болған жағдайда Қоғам қызметкерлері Қоғамда шешім қабылдауға тікелей немесе жанама әсер етпеуі керек деп санайды. Мүдделер қақтығысы болған жағдайда, Қоғам қызметкерлері осы ақпаратты өзінің тікелей басшысына, Қоғамның экономикалық және өзіндік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелеріне жауапты құрылымдық бөлімшесіне, омбудсменге немесе Қоғамның Комплаенс қызметіне (әдеп және Қоғамның комплаенс жөніндегі жедел желісіне хабарлау арқылы) хабарлауы тиіс.

6.6 Тиісті сақтық: Қоғам контрагенттермен, жұмысқа кандидаттармен және өзге де үшінші тұлғалармен іскерлік қатынастар туындаған/жалғастырылған кезде, олардың сенімділігі мен мүдделер қақтығысының болмауын уақтылы тексеруді жүзеге асыра отырып, тиісті сақтық танытады.

6.7 Қызметкерлер мен мүдделі үшінші тұлғаларды жұмылдыру: Қоғам қызметкерлер мен мүдделі үшінші тұлғаларды қысқа мерзімде осы саясаттың талаптарын ықтимал бұзу белгілері және корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық туралы куәландыратын фактілер туралы хабарлауға шақырады. Қоғам Корпоративтік алаяқтық және сыбайлас жемқорлық белгілері туралы хабарлаған барлық қызметкерлер мен өзге тұлғалардың құпиялылығына кепілдік береді.

Жауаптық шаралар мен санкциялардан бас тарту: Қоғам Корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық белгілері, бақылау рәсімдерін ықтимал бұзушылықтар және өзге де теріс пайдаланушылықтар туралы адал хабарлаған қызметкерге қатысты корпоративтік алаяқтық және/немесе сыбайлас жемқорлық белгілері туралы көрсетілген хабарламаға байланысты негізсіз санкциялар, оның ішінде жұмыстан босату, сыйлықақы алмау немесе лауазымын көтеруден бас тарту қолданылмайтынын мәлімдейді.

7. Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жүйесін қалыптастырудың негізгі қағидаттары

7.1 Заңдылық: Қоғам және Қоғам кәсіпорындары қолданыстағы заңнаманы қатаң сақтайды және олардың кез келген әрекеті немесе әрекетсіздігі қолданыстағы заңнама нормаларына қайшы келмейді.

7.2 Уақтылығы: Қоғам Қоғам қауіпсіздігіне төнетін қатерлерді, оның ішінде ықтимал корпоративтік алаяқтық жасау белгілерін ерте анықтауға және анықталған белгілерге барынша тез ден қоюға бағытталған бақылау рәсімдерін енгізу арқылы сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимылдың тиімді жүйесін қалыптастыруға ұмтылады.

7.3 Кешенділік: Қоғам материалдық және материалдық емес активтердің кешенді сақталуын қамтамасыз етуге ұмтылады.

7.4 Орталықтандырылған басқару: Қоғам Корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процесінде жауапкершілік пен өкілеттіктерді бөлуді қамтамасыз етеді.

7.5 Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша Қоғам қызметінің жүйелілігі мен үздіксіздігі қағидаты: Қоғам алаяқтыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлық қызметіне тартуды болдырмау бойынша рәсімдер барынша ашық, іске асырылатын және анықталған тәуекелдерге ақылға қонымды жауап беруге ұмтылады.

7.6 Өзара іс-қимыл және үйлестіру: Қоғам мен Қоғам кәсіпорындары барлық мүдделі құрылымдық бөлімшелердің өзара іс-қимылын үйлестіруді, сондай-ақ корпоративтік алаяқтыққа қарсы іс-қимыл процесінде мемлекеттік және құқық қорғау органдарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

8. «Парақорлықпен күрес туралы» Ұлыбритания Заңында көзделген бұзушылықтардың негізгі түрлері және жауапкершілік

8.1 «Парақорлықпен күрес туралы» Ұлыбритания Заңы Ұлыбританияда бизнесі бар барлық ұйымдарға қолданылады. Аталған заң сыбайлас жемқорлық қылмыстарды парақорлықтың алдын алуға корпоративтік қабілетсіздік түрінде қарайды. Бұл заң құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікті «белсенді» және «енжар» деп бөледі:

1) «белсенді» бұзушылықтарға пара беру және мемлекеттік/ шетелдік мемлекеттік қызметшілерді параға сатып алу жатады;

2) «енжар» бұзушылықтарға пара алу және коммерциялық ұйымның сыбайлас жемқорлық қызметін болдырмауға қабілетсіздігі, яғни ұйымда сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған барабар рәсімдердің болмауы жатады.

Қоғам қызметкерлерінің және үшінші тараптардың (олар Қоғаммен немесе Қоғам кәсіпорындарымен өзара іс-қимыл жасаған жағдайда) жақсы түсінуі мақсатында Қоғам осы Саясатқа 2-қосымшада келтірілген корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық мысалдарының толық емес тізімін жасады.

8.2 Ұлыбританияның «Парақорлықпен күрес туралы» Заңына сәйкес алаяқтық жағдайларын қарау кезінде келесі факторлар ескерілмейді:

1) ұйым пара туралы білді ме;

2) параны кім төледі: қызметкер немесе агент-ұйымның мүддесі үшін немесе ұйымның атынан қызмет ететін тұлға;

3) қай елде құқық бұзушылық жасалды.

8.3 Жеке тұлғалардың (оның ішінде шетелдік мемлекеттік қызметшілерге) пара беруге немесе алуға байланысты жасаған коррупциялық бұзушылықтары үшін жауапкершілік: 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру және/немесе шектеусіз мөлшерде айыппұл салу.

8.4 Ұйымның коррупциялық құқық бұзушылықтардың алдын алуға қабілетсіздігіне байланысты заңды тұлғалардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін жауапкершілігі: мөлшері Ұлыбритания Заңымен шектелмеген айыппұл.

9. Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл процесінің кезеңдері

9.1 Бақылау ортасын жетілдіру

Қоғамда тұрақты негізде қолданыстағы заңнамаға және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес бақылау ортасын жетілдіру бойынша шаралар әзірленеді, оның ішінде:

1) Қоғамда қабылданған нормалар мен қағидаттар туралы хабардар ету жолымен және басқа да тәсілдермен сыбайлас жемқорлық әрекеттерін қоса алғанда, корпоративтік алаяқтықтың кез келген нысандары мен көріністеріне төзбеушілікті құру;

2) Қоғамда мүдделердің кез келген бұзушылықтары мен жанжалдары туралы, бұзушылықтар туралы хабарлаған адамдардың құпиялылығына кепілдік беретін ақпарат беру, оның ішінде анонимдік жүйе құру;

- 3) контрагентті таңдау және жұмысқа кандидаттарды іріктеу кезінде тиісті сақтық қағидатын және тәуекелге бағдарланған тәсілді іс жүзінде жүзеге асыру;
- 4) сыйыспайтын міндеттерді бөлу қағидатын іске асыру және оның сақталуын бақылау;
- 5) Сыбайлас жемқорлық сипатындағы тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін қамтамасыз ету үшін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне неғұрлым бейім қоғамдағы лауазымдарды айқындау;
- 6) білім беру сипатындағы шаралар кешенін іске асыру, оның ішінде қызметкерлерді оқыту жүйесін ұдайы жетілдіру, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне неғұрлым бейім лауазымдарды атқаратын қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа және корпоративтік алаяқтыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша қайта даярлау;
- 7) ішкі аудит / тексеру және тергеу жүргізу.

9.2 Корпоративтік алаяқтық және сыбайлас жемқорлық белгілерін анықтау

а) Қоғамның, Қоғамның кәсіпорнының қызметкері немесе кез келген үшінші тұлға, егер сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, реттеуші талаптардың және/немесе ішкі рәсімдердің сақталмағаны туралы оларға белгілі болған жағдайда, бұл туралы Қоғамды Құпия ақпараттандыру саясатында көзделген арналардың бірі арқылы хабарлауы тиіс.

Құпия ақпараттандыру саясатына сәйкес өтініш жасырын қалдырылуы мүмкін, бірақ қаласаңыз, жеке тұлға егжей-тегжейлерді нақтылау және хабарламаны қарау нәтижелері туралы хабарлау үшін онымен байланысу үшін тегі, аты-жөні және/немесе байланыс деректерін көрсете алады. Қоғам сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық белгілері туралы, оның ішінде заңнамада көзделген тәртіппен жария етпеу туралы келісім жасасу арқылы адал хабарлаған барлық адамдардың құпиялылығына кепілдік береді.

б) Қоғамның қызметкері дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпаратқа ие болған жағдайда, ол бұл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғамның жоғары тұрған басшысын және (немесе) Басқарма Төрағасын және (немесе) өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашуды, тергеп-тексеру мен алдын алуды және оларды жасауға кінәлі адамдарды жауапкершілікке тартуды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдарды хабардар етеді.

Қоғамның жоғарыда аталған байланыс арналары арқылы жүтінген кезде Қоғам қызметкері мынадай ақпаратты (бар болса) көрсетуі қажет:

1) коррупциялық құқық бұзушылыққа бейім адам, сондай-ақ куәлар немесе сыбайлас жемқорлық немесе алаяқтық құқық бұзушылықтар жасауға тартылған басқа да адамдар туралы ақпарат;

2) Қоғам қызметкері жасауға көндіру ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық нысанасы, оған көндіру тәсілі (параға сатып алу, бопсалау, қорқыту, қорқытып алу, пара ұсыну және т. б.);

3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа көндірудің күні мен басқа да мән-жайлары.

Қоғам сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық белгілері туралы, оның ішінде заңнамада көзделген тәртіппен жария етпеу туралы келісім жасасу арқылы адал хабарлаған барлық адамдардың құпиялылығына кепілдік береді.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қабылдауға уәкілетті мемлекеттік органға хабарланған жағдайда, өтініш берушінің құпиялылығын сақтау міндетін тиісті мемлекеттік орган, оның ішінде заңнамада көзделген тәртіппен жария етпеу туралы келісім жасасу жолымен көтереді. Осы абзацта көрсетілген хабарламаға одан әрі ден қою шараларын тиісті мемлекеттік орган қабылдайды.

9.3 Сыбайлас жемқорлық және алаяқтық белгілері анықталғаннан кейінгі әрекеттер

Ықтимал корпоративтік алаяқтық, сыбайлас жемқорлық немесе өзге де бұзушылық белгілерінің болуы туралы хабарлама алған тікелей басшы, жоғары тұрған басшы, Омбудсмен немесе комплаенс қызметінің басшысы, бұзушылықтың болжамды кезеңі, бұзушылықты анықтау тәсілі, бұзушылыққа тартылған адамдар, зиянның мөлшері (егер ол белгіленсе) туралы, сондай-ақ өз функционалы шеңберінде қолданылған шаралар туралы ақпаратты қоса алғанда, ықтимал корпоративтік алаяқтық немесе өзге де бұзушылық сипаттала отырып, қоғамның экономикалық және өзіндік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелеріне жауапты құрылымдық бөлімшесі басшысының атына қызметтік жазба дайындайды.

9.4 Корпоративтік алаяқтық немесе сыбайлас жемқорлық белгілерінің болуы туралы ақпаратты алдын ала тексеру

Комплаенс қызметінің, Қоғамның экономикалық және өзіндік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелеріне жауапты құрылымдық бөлімшесінің басшысы және / немесе Омбудсмен жұмыс тобын тарта отырып, қызметтік тергеуге бастамашылық жасаудың орындылығын айқындау мақсатында корпоративтік алаяқтық, сыбайлас жемқорлық немесе бақылау рәсімдерін өзге де бұзу белгілері туралы, оның ішінде Қоғамда бар байланыс арналары арқылы алынған ақпаратқа алдын ала тексеру жүргізеді.

Алдын ала тексеру алаяқтық, сыбайлас жемқорлық, ұрлық, жетіспеушілік, материалдық құндылықтардың бүлінуі, құпия және инсайдерлік ақпараттың жоғалуы және бақылау рәсімдерін бұзудың өзге де фактілері туралы ақпаратты мынадай көздерден алған жағдайда да басталуы мүмкін:

- Қоғам және/немесе Қоғам кәсіпорындары қызметкерлерінің қызметтік жазбалары;
- Қоғамның және/немесе Қоғамның кәсіпорындарының атына жіберілген азаматтардың өтініштері мен хаттары;
- мемлекеттік органдардың хабарлары мен хаттары;
- БАҚ хабарламалары;
- қаржы-шаруашылық қызметті тексеру, түгендеу, ревизия және т. б. нәтижелері бойынша есептер;
- Қоғамның ішкі аудит қызметінің тексерулері бойынша есептер;
- басқа материалдар немесе құжаттар.

Хабарламаларды алдын ала тексеру барысында бұзушылықтың негізгі мән-жайлары, оның ішінде бұзушылық белгілерінің болуы немесе болмауы, оның негізгі элементтері және залалдың болуы анықталады. Қызметтік тексеру жүргізудің орындылығы анықталған жағдайда Омбудсмен, Комплаенс қызметінің басшысы не Қоғамның экономикалық және өзіндік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелеріне жауапты құрылымдық бөлімшесінің басшысы қызметтік тексеру жүргізудің қажеттігі туралы Қоғам Басқармасының төрағасын хабардар етеді.

9.5 Корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықты қызметтік тергеу

Корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қызметтік тергеп-тексеруді Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіпке сәйкес Қоғам Басқармасы Төрағасының немесе осындай өкімдік құжатты шығаруға уәкілетті адамның бұйрығымен қалыптастырылатын/бекітілетін Комиссия жүргізеді.

Қызметтік тергеу нәтижелері Басқарма төрағасына беріледі. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық белгілері болған жағдайда Қоғам тиісті материалдарды Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарына береді.

Сондай-ақ қызметтік тергеу нәтижелерін Басқарма төрағасы немесе комплаенс қызметі анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық (оның ішінде корпоративтік алаяқтық) тікелей немесе атқарушы орган мүшелерінің қатысуымен жасалған жағдайларда Директорлар кеңесінің қарауына енгізеді.

9.6 Зиянды өтеу және жауапкершілікке тарту

Қоғамға және (немесе) Қоғамның кәсіпорнына келтірілген материалдық залалды өтеу және кінәлі адамды жауаптылыққа тарту қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

9.7 Корпоративтік алаяқтықтың және/немесе сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша ұсынымдар әзірлеу

Қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері бойынша комиссия (не қызметтік тергеп-тексеруді жүзеге асырған адам) ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жөнінде ұсынымдар әзірлейді. Қажет болған жағдайда, болашақта корпоративтік алаяқтық және/немесе сыбайлас жемқорлықты қайталау мүмкіндігін жою мақсатында дайындалған ұсынымдар негізінде ішкі нормативтік құжаттарға өзгерістер енгізуге бастамашылық жасалады.

9.8 Бақылау және аудит

Қоғам Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген міндеттердің бөлінуіне сәйкес ішкі бақылау жүйесінің, атап айтқанда, бухгалтерлік және басқарушылық есеп жүйесінің, сондай-ақ комплаенс жүйесінің тиімділігіне тұрақты түрде бағалау жүргізеді.

10. Жауапкершілік және өкілеттіктер

10.1 Қоғамның барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл бойынша тікелей дербес міндет жүктеледі.

10.2 Қоғамның құрылымдық бөлімшесінің басшысына сондай-ақ оның құрылымдық бөлімшесі қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және осы Саясаттың ережелерін сақтауын қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдау міндеті жүктеледі.

10.3 Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне, Қоғам атынан немесе оның мүддесінде тікелей немесе жанама, жеке өзі немесе қандай да бір делдалдық арқылы әрекет ететін өзге адамдарға қандай да бір елде бизнес жүргізу практикасына қарамастан сыбайлас жемқорлық және алаяқтық әрекеттерге қатысуға тыйым салынады.

10.4 Қоғам басшылығы корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларына қолдауды қамтамасыз етеді, атап айтқанда:

– активтердің сақталуын қамтамасыз етуге және ішкі бақылау жүйесін жетілдіруге байланысты қажетті шараларды жүзеге асыру;

– корпоративтік алаяқтық және/немесе сыбайлас жемқорлық белгілеріне уақтылы тексеру жүргізу;

– Қоғамның және/немесе оның кәсіпорындарының қызметкерлерін, егер олардың қызметінде жол берілген бұзушылықтар корпоративтік алаяқтық немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға әкеп соқса, жауапкершілікке тарту бойынша қажетті шаралар қабылдауды қамтамасыз ету.

10.5 Қоғамның басшылары мен қызметкерлері алаяқтық және/немесе сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тұрақты негізде анықтайды және бағалайды, өз жауапкершілігі аймағында (бизнес-процестер) алаяқтық және/немесе сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту жөніндегі іс-шараларды әзірлейді және орындайды. Осы мақсатта олар міндетті:

– ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

– корпоративтік алаяқтық және/немесе сыбайлас жемқорлық тұрғысынан осал процестер мен рәсімдерді анықтау;

– сұратылған материалдарды уақтылы ұсыну немесе үй-жайларға/объектілерге кіру арқылы алдын ала тексеру және/немесе қызметтік тергеп-тексеру жүргізетін комиссияның қызметкерлеріне көмек көрсету;

– Қоғамның экономикалық және өзіндік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелеріне жауапты құрылымдық бөлімшесін немесе Қоғамның комплаенс қызметін корпоративтік

алаяқтықтың және/немесе сыбайлас жемқорлықтың болуының барлық белгілері немесе оларды өз жауапкершілігі аймағында жасауға әрекеттері туралы уақтылы хабардар ету.

10.6 Өз іс – әрекеттерінің заңдылығына және олардың осы Саясаттың ережелеріне сәйкестігіне күмән туындаған жағдайда, Қоғам қызметкері осы мәселе бойынша тікелей басшымен немесе Қоғамның корпоративтік этиканы сақтауға жауапты қызметкері-омбудсменмен кеңескені жөн.

10.7 Осы Саясат ережелерінің бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында және өзге де қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен және негіздер бойынша тәртіптік, әкімшілік, азаматтық-құқықтық немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

11 Қолданысқа енгізу тәртібі

11.1 Осы Саясат «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

11.2 Осы Саясат Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 21 маусымдағы шешімімен (№5/22 хаттама) бекітілген «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатының орнына енгізіледі.

12. Қосымшалар

12.1. 1-қосымша. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты.

12.2. 2-қосымша. Корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың мысалдары.

1-қосымша
(міндетті)

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты.

1. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Қоғамда сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік атмосферасына Қоғам қызметкерлері үшін қызметтік функцияларды жүзеге асыру кезінде мінез-құлықтың құндылықтық және моральдық сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарлар жүйесін құру жолымен қол жеткізуге бағытталған.

3. Қоғамдық қатынастар саласының атауы: пайдалы қазбаларды және олардан жасалған өнімдерді өндіру, қайта өңдеу және өткізу.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың қағидаттары:

1) Заңдылық;

2) Транспаренттілік;

3) Әдептілік;

4) Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;

5) Мүдделер қақтығысын болдырмау.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар Қоғам қызметкерлеріне мынадай мінез-құлық нормаларын айқындайды:

1) Заңдылық қағидатын, Қазақстан Республикасы Конституциясының, Заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің және Қоғам қызметіне қолданылатын өзге де елдердің заңнамасының талаптарын басшылыққа алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қатаң сақтау;

2) Жеке және заңды тұлғалар құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ету;

3) Қоғамның беделін түсіретін іс-әрекеттер жасауға жол бермеу;

4) тікелей басшыға немесе компаенс қызметіне мүдделер қақтығысының туындағаны, қызметтік міндеттерін атқару кезінде жеке қызығушылық туралы, оларды үшінші тұлғалардың не Қоғамның басқа да қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына көндіру және сыйлықтар алу туралы баяндауға;

5) Қызметтік міндеттерді орындау кезінде жеке және (немесе) пайдакүнемдік мүдделерді басшылыққа алмау;

6) Әділ қызметтік шешім қабылдауға ықпал етуі мүмкін өзара қарым-қатынастардың белгіленген тәртібін бұзатын заңсыз өтініштермен әріптестері мен басшыларына жүгінуден аулақ болу;

7) Басқа қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелемеу және осындай әрекеттерді ынталандырмау;

8) Мүдделер қақтығысына әкеп соғуы мүмкін қызметтік өкілеттіктерді орындауға байланысты сыйлықтар қабылдамау;

9) Мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында таратылуға жатпайтын қызметтік немесе өзге де ақпаратты пайдаланбау;

10) Егер лауазым жақын туыстық және Отбасылық қатынастардағы адамдарға (ата-анасы, жұбайы, аға-інілері, апа-сіңлілері, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, жекжаттары (жұбайының (зайыбының) аға-інілері, апа-сіңлілері, ата-аналары мен балалары, ата-әжелері), ата-анасы (зайыбы) тікелей бағыныстылыққа немесе бақылауға байланысты болса, оны тағайындаудан бас тарту.

11) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік таныту;

12) Сыбайлас жемқорлықтың белгілі болған фактілері туралы, оның ішінде материалдарды тездетіп қарағаны үшін қандай да бір пайда алуға бейімділігі не болмаса әуре-сарсаңға салу туралы басшылыққа немесе Комплаенс қызметіне немесе – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты жүргізуге уәкілетті мемлекеттік органға дереу баяндауға міндетті;

13) Орындау үшін алынған өкімнің заңдылығына күдік туғаны туралы тікелей басшыға немесе комплаенс қызметіне жазбаша нысанда дереу хабарлау;

14) Егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына тартылған болса, жоғары тұрған басшылыққа, Комплаенс қызметіне, немесе – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты жүргізуге уәкілетті мемлекеттік органға жүгіну немесе Қоғамның құпия ақпараттандыру саясатында көзделген байланыс арналары мен байланыс құралдарын пайдалану;

15) Әріптестерден сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары құқықтық мәдениетті сақтауды талап ету және қолдау;

16) Мүдделер қақтығысының, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың және олардың салдарының ықтимал туындауының себептері мен жағдайларын жою бойынша тұрақты негізде шаралар қабылдау;

17) Кірістер алумен байланысты кәсіпкерлік және (немесе) өзге де қызметті жүзеге асыруда біреуге көмек көрсетуден бас тарту;

18) Үшінші тұлғалардың мүдделерін білдіруден немесе қамқорлық жасаудан, сондай-ақ олардың атынан іс-әрекеттер жасаудан аулақ болу;

19) Материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз ету құралдарын, сондай-ақ өзге де мемлекеттік мүлік пен қызметтік ақпаратты қызметтік емес мақсаттарда пайдаланбау.

6. Бағынышты адамдармен қарым-қатынаста барлық деңгейдегі басшылардан мыналар талап етіледі:

1) Туыстық, жерлестік және жеке басына берілгендік белгілері бойынша кадрларды іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеу, меритократия қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ету;

2) Бағынысты қызметкерлердің қызметтік өкілеттіктерінің міндеттері мен көлемін нақты айқындау;

3) Қарамағындағы қызметкерлер арасында еңбек жүктемесін біркелкі емес бөлінісіне жол бермеу;

4) Олардың қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік таныту;

5) Қарамағындағыларға нақты орындалмайтын немесе олардың қызметтік міндеттерінен тыс, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін өкімдер бермеу;

6) Қызметтік емес сипаттағы мәселелерді шешу кезінде бағыныштылардың қызметіне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбау;

7) Қарамағындағы қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлемеу;

8) Қарамағындағы және басқа да қызметкерлердің тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын бұзу фактілеріне жол бермеу және жолын кесу;

9) Қарамағындағы қызметкер өзінің қызметтік міндеттерін орындау барысында туындаған мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі жан-жақты шараларды уақтылы қабылдау;

10) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша түбегейлі шаралар қабылдау;

11) Қарамағындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою;

12) Бағынысты қызметкерлерді қызметтік емес немесе жеке тапсырмаларды орындау үшін тартуға жол бермеу;

13) Өзінің мінсіз мінез-құлқымен қарамағындағы қызметкерлерге үлгі көрсету;

7. Барлық деңгейдегі басшылар осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың сақталуын қамтамасыз етеді және өздеріне бағынысты қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысты ұйымдастырады.

2-қосымша
(міндетті)**Корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың мысалдары**

Корпоративтік алаяқтықтың Төменде баяндалған мысалдары халықаралық және қазақстандық тәжірибеге негізделген. Бұл ретте «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қызметкерлері өз іс-әрекеттерінің нәтижесінде орын алған корпоративтік алаяқтық жағдайлары үшін жауапты болады деп түсініледі. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қызметкерлері еншілес тәуелді ұйымдар, үшінші тұлғалар тарапынан ұсынылған көрінеу (қасақана) бұрмаланған немесе дұрыс емес деректерге негізделген қателер, жаңылыстар, қателіктер жіберген жағдайларда корпоративтік алаяқтық белгілері бар мұндай іс-әрекеттер үшін тиісінше осындай еншілес тәуелді ұйымдардың қызметкерлері және үшінші тұлғалар жауапты болады.

Инвестициялық қызмет:

– тиісті негіздемесіз және келісусіз не қолдан жасалған негіздемемен және келісумен (Қоғамның қажеттіліктерін негізге ала отырып, уәкілетті алқалы орган іске асыруға бекіткен жобаларды қоспағанда) Қоғам қызметіне жатпайтын, Қоғам қызметіне пайдалы әсер етпейтін инвестицияларды (жобаларды) қаржыландыру;

– инвестициялық қызметке бөлінген қаражатты тиісті негіздемесіз және келісусіз не қолдан жасалған негіздемемен және келісумен мақсатсыз пайдалану;

– қол жеткізілген экономикалық әсер туралы деректерді инвестицияларды жүзеге асырудан бұрмалау және т. б.

Қаржылық есептілікті қасақана бұрмалау:

– жалған активтерді, шығыстарды, түсімдерді, міндеттемелерді көрсету не оларды жасыру;

– негіздемесі жоқ шығындарды капиталдандыру;

– активтерді бағалаумен және бағалау көрсеткіштерімен, резервтермен манипуляциялар (негізгі құралдар, күрделі салымдар, қаржылық салымдар, қорлар және т. б.);

– есепті кезеңнің фактілерін басқа кезеңде көрсету;

– қаржылық есептіліктегі алаяқтық, акцияларды сату арқылы пайда табу, жұмыс нәтижелері бойынша сыйлықақы алу, басқа алаяқтықты жасыру және корпоративтік алаяқтықтың басқа да қатерлері;

– қаржылық нәтижелер, мүліктің жай-күйі, ақша қаражатының қозғалысы, қаржылық есептілікке түсіндірмелердегі шаруашылық өмірдің өзге де фактілері туралы ақпаратты тиісінше ашпау және т. б.

Сатып алу:

– тауарлар, жұмыстар немесе қызметтер жеке мақсаттар үшін немесе белгілі бір жеткізушіден қандай да бір пайдаға тапсырыс беріледі;

– тауарлар, жұмыстар немесе қызметтер сатып алуды ұйымдастырудың тиісті рәсімін айналып өтіп, жақын адамға немесе туысына тиесілі контрагенттен тапсырыс берілген;

– тауарлар, жұмыстар немесе қызметтер бір көзден сатып алуды жүргізу кезінде (орта нарықтық бағаларды анықтауға мүмкіндік беретін құрал болған кезде) орташа нарықтық бағадан едәуір асатын бағалар бойынша (30% және одан көп) тапсырыс берілген;

– үшінші тарап кеңесшісі шартта жазылғаннан басқа жұмысты орындайды;

– үшінші тарап ұйымы сатып алуды жүзеге асыру кезінде жалған кәсіпорын болып табылады, бұл оффшорлық юрисдикцияда тіркелген ұйымдарды және т. б. қоса алғанда, сот шешімінің негізінде дәлелденді;

– шотта көрсетілгендермен салыстырғанда, бірақ толық соманы төлей отырып, тауарлардың аз санын кіріске алу;

– тапсырыс берілмеген жалған шоттарды құру немесе ұсыну;

– сатып алу рәсімдерін жүргізудегі бұзушылықтар;

– Шартта көзделмеген жұмысқа/қызметке тапсырыстар;

– қызметтердің жалпы және анық емес сипаттамасын ғана қамтитын «консультациялық қызметтер көрсетуге» арналған шарттар.

Қызметтерге, жұмыстарға ақы төлеуге өтінімдер:

– көрсетілмеген қызметтер, жұмыстар үшін;

– іс жүзінде көрсетілгенге сай келмейтін қызметтердің, жұмыстардың үлкен көлемі үшін;

– Қоғам төлеген немесе көрсеткен қызметтерді, жұмыстарды үшінші тұлғалардан қайта сатып алу;

– сыртқы агенттерге немесе консультанттарға артық комиссиялық (20% және одан артық) төлем;

– үшінші тарап ұйымы қызмет, жұмыс және т. б. көрсетілетін қызметтерге қарағанда басқа юрисдикциядағы банктік шоттарға төлем жасауды сұрайды.

Мүлік және активтер:

– Қоғамның және/немесе Қоғам кәсіпорындарының активтерін мақсатсыз пайдалану және (немесе) ұрлау (негізгі құралдар, бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары), мүліктік құқықтар және т. б.);

– ақша қаражатын немесе басқа активтерді ұрлау және есептік жазбаларды өзгерту арқылы ұрлауды жасыру;

– Қоғамның және/немесе Қоғамның кәсіпорындарының активтерін пайдакүнемдік мақсаттар үшін пайдалану (теріс пайдалану) және т. б.

Касса және ақшалай түсімдер:

– тиісті құжаттаусыз ақша қабылдау;

– ақша қаражатын ұрлауды жасыру үшін құжаттарды түзету және т. б.

Жалақы:

– ақша қаражатын төлеу кезінде ақтаушы құжаттарға енгізілген жалған қызметкерлер үшін ақша қаражатын алу;

– қайта өңдеу үшін қосымша ақы алу үшін қандай да бір негіздерсіз жұмыс істеген сағаттарды асыра бағалау;

– еңбек шартында көзделмеген жұмысты Қоғам және/немесе Қоғам кәсіпорны төлейтін жұмыс уақытында басқа ұйымда қоса атқару бойынша орындау;

– сыйлық алу немесе лауазымын сақтау үшін ҚНҚ мақсаттарына қол жеткізу үшін деректерді бұрмалау;

– Қоғам және/немесе оның кәсіпорны төлейтін, еңбек шартында көзделмеген жұмыс уақыты үшін басқа ұйымнан ақы алу және т. б.

Іссапарларға арналған аванстық есептер:

– жүзеге асырылмаған іссапарлардың шығындарын өтеуге сұрау салу;

– қызметтік тапсырмада көзделмеген жол жүру шығыстарын өтеу және т. б.

Өзге де аванстық есептер:

– өкілдік шығыстарды өтеуге арналған төмендетілген, жоғарылатылған немесе жалған өтінімдер;

– үшінші тарап төлеген шығыстарды өтеуге өтінім беру;

– Қоғамның немесе Қоғам кәсіпорнының жергілікті нормативтік құжаттарында көзделмеген шығыстарды, сондай-ақ Қоғамның немесе Қоғам кәсіпорны Басқармасы төрағасының нұсқаулары болмаған кезде экономикалық тұрғыдан негізсіз өтеу және т. б.

Мүдделер қақтығысы:

– қызметкердің, оның жақын адамының және (немесе) туысының Қоғамның немесе оның кәсіпорнының бәсекелес-ұйымында немесе контрагентінде, Қоғамның немесе оның кәсіпорнының өнім берушісінде немесе Тапсырыс берушісінде жұмыс істеуі;

– қызметкердің, оның жақын адамының және (немесе) туысының, оның ішінде Қоғамның мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін Қоғамдағы немесе компаниядағы лауазымға ұқсас лауазымда қоса жұмыс атқаруы;

– тікелей немесе жанама басқарудағы немесе жақын адамның және (немесе) туыстың меншігіндегі (тікелей немесе жанама) контрагентпен келісімшарт жасасуы;

– үшінші тарап ұйымы Қоғамның немесе кәсіпорынның қызметкерімен байланысты;

– үшінші тарап ұйымы тек Қоғам қызметкерінің, компания кәсіпорнының және т. б. нұсқауы немесе талабы бойынша мәмілеге қатысушы болды;

– қызметкердің, оның жақын адамының және (немесе) туысының контрагенттегі пайдың, жарнаның, салымның, жарғылық капиталға қатысу үлесінің, бағалы қағаздардың және өзге де құқықтардың (бағалы қағаздарға (туынды қаржы құралдарына), мүлікке, құқықтарға арналған опциондарды қоса алғанда) белгілі бір мөлшерімен тікелей немесе жанама (оның ішінде жанама), қоғамның контрагентіне және (немесе) аталған адамның мүлкіне қатысты не бәсекелес ұйымда, қоғамның бәсекелес ұйымына, оның еншілес қоғамына және (немесе) олардың мүлкіне қатысты иелік етуі;

– құқық бұзушылықты анықтаған Қоғамның немесе Қоғам кәсіпорнының қызметкерінде онымен іскерлік өзара қарым-қатынастардың болуы салдарынан қызметкер, контрагент өкілі жасаған теріс пайдаланулар туралы ақпаратты жасыру;

– Қоғамға, Қоғам кәсіпорнына жұмысқа қабылдау немесе Қоғам қызметкерінің, Қоғам кәсіпорнының жақын адамдарына және (немесе) туыстарына оларда талап етілетін құзыреттер болмаған кезде немесе неғұрлым білікті кандидаттарға нұқсан келтіре отырып артықшылықтар және (немесе) артықшылықтар белгілеу;

– Қоғам қызметкерін жұбайы (зайыбы), жақын туысы және (немесе) жекжаты жұмыс істейтін қоғам кәсіпорнының басқару органына сайлау.

Қайырымдылық, демеушілік:

– қаражатты пайдалану туралы кейінгі есептерсіз қайырымдылық түріндегі қаражатты аудару;

– мемлекеттік қызметшілердің демеушілік және қайырымдылық түріндегі заңсыз шешімдері үшін төлемдер;

– игілік алушының қызметі қайырымдылық жасаушының басым мақсаттарымен байланысты емес;

– демеушілік көмек көрсетілетін адамға негізделген экономикалық немесе әлеуметтік әсері жоқ демеушілік және т. б.